

«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ
«BILIM QAZYNA» КММ
№32 «ҚУАНЫШ» БАЛАБАҚШАСЫ МКҚК

«Ақтөбе қаласы білім бөлімі» ММ
2025 жылы «Ақ» 08
№ 39 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ



«ЭЛИТ БАЛА»
бағдарламасы
мектепалды тобына арналған

Ақтөбе қаласы
2025 жыл.

«ЭЛИТ БАЛА» үйірмесінің бағдарламасы Ф.Жұмабекова – Алматы: Арман-ПВ, 2018 ж, Ә. Кенжетаева Шымкент: Әлем, 2020 ж. «Тіл дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар және мектепке дейінгі ұйымдарда математикалық түсініктерді қалыптастыру әдістемесі» бағдарламасына сүйене отырып, іс-тәжірибеден жинақталып құрастырылған.

Құрастыргандар: Сүйінбаева Ж. Қ.
Тенизбаева Н. О.

№ 32 «Қуаныш» балабақшасында педагогикалық кеңесінде «Элит бала» ерте да мектепке дайындық бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 1

22 08 2025 ЖЫЛ



№32 «Қуаныш» балабақшасы менгерушісі:


(аты-жөні)

Р.А.Лекерова
(аты-жөні)

Қалалық сараптау комиссия отырысында «Элит бала» ерте дамыту, мектепке дайындық бағдарламасы қаралып, мақұлданды.

Хаттама № 1

27 08 2025 ЖЫЛ

Сараптау комиссиясы төрағасы



М.Косымбаева

**№32 «Қуаныш» балабақшасының
«Элит бала» ерте дамыту,
мектепке дайындық бағдарламасына**

ПІКІР

Қазіргі заманда баланы ерте жастан жан-жақты дамыту – оның мектептегі табысты оқуына негіз болады. «Элит бала» бағдарламасы мектепке дейінгі жастағы балалардың ой-өрісін кеңейтуге, білімге деген қызығушылығын оятуға және оқу әрекетіне бейімдеуге бағытталған.

Бағдарлама екі негізгі бағытты қамтиды:

1. Математикалық баспалдақ.

Бұл бөлімде балалар қарапайым математикалық ұғымдармен танысады. Сан мен сандық қатынастарды ажырата білу, заттарды салыстыру, топтау, өлшемдерін анықтау, қарапайым есептер шығару сияқты тапсырмалар арқылы балалардың логикалық ойлауы, зейіні, есте сақтау қабілеті дамиды. «Математикалық баспалдақ» жүйелі түрде ұйымдастырылған жаттығулардан тұрады және балаларды біртіндеп күрделірек деңгейге жетелейді.

2. Тіл дамыту (жазуға және оқуға үйрету).

Бағдарламаның бұл бағыты балалардың сөйлеу мәдениетін, сөздік қорын, дыбыстарды дұрыс айтуын қалыптастыруға, жазуға және оқуға алғашқы қадам жасауға мүмкіндік береді. Арнайы жаттығулар арқылы әріптерді танып-білу, дыбыс пен әріпті сәйкестендіру, буынға бөлу, сөз құрау дағдылары дамытылады. Сонымен қатар, жазуға дайындық ретінде саусақ моторикасына арналған тапсырмалар, сызу-штрихтау жұмыстары берілген.

Бағдарламаның ерекшелігі – оқыту үдерісі баланың жас ерекшелігіне сай ойын арқылы ұйымдастырылған. Бұл балалардың оқу әрекетіне қызығушылығын арттырып, мектепке деген оң көзқарасын қалыптастырады.

Қорытындылай келе, «Элит бала» бағдарламасы – мектепалды даярлық кезеңінде балалардың математикалық, тілдік және жазу-оқу дағдыларын дамытуға тиімді құрал болып табылады. Оны мектепке дейінгі ұйымдарда, сонымен бірге ата-аналардың үй жағдайында қолдануына ұсынуға болады.

**Қ.Жұбанов атындағы АӨУ
Педагогика және білім берудегі
менеджмент факультетінің деканы,
Білім саласындағы ғылым магистрі**



Абылай Каринов

ТҮСІНІК ХАТ

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында «Элит бала» ерте дамыту бағдарламасы балалардың жас ерекшеліктеріне сай білім, білік, дағдыларын қалыптастыруға, танымдық қабілеттерін арттыруға, мектепке даярлау бағытында жүзеге асырылады. Бағдарлама 2025–2026 оқу жылына арналып жасалған. Аптасына 2 рет, ұзақтығы 25–30 минуттан жүргізіледі.

Мақсаты: Мектепке дейінгі ересек топ балаларының ерте даму деңгейін көтеру, мектепке қажетті дағдыларды меңгерту, оқу-іс әрекетінде қолдана білуге дағдыландыру, шығармашылық белсенділігін арттыру.

Өзектілігі: Бағдарлама арқылы балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, сөздік қорын молайтуға, ауызша сөйлеуге үйретуге, математикаға, сауат ашуға және шығармашылыққа баулу жұмыстарына ерекше мән беріледі.

Балалар ойын, тапсырма және жаттығулар арқылы танымдық белсенділігін арттырып, қоршаған ортамен танысып, білімге деген қызығушылығы қалыптасады.

Міндеті:

- Балалардың сөздік қорын дамыту, тіл мәдениетін қалыптастыру;
- Қоршаған орта құбылыстары жайлы түсінігін кеңейту;
- Математикалық алғашқы түсініктерін қалыптастыру (санау, салыстыру, пішін, көлем, сандық қатар);
- Сауат ашу, әріптерді таныту, буын, сөз, сөйлем құрастыруға үйрету;
- Қолдың ұсақ моторикасын дамыту арқылы жазуға дайындық жұмыстарын жүргізу;
- Балалардың ой-өрісін, зейінін, есте сақтау қабілетін жетілдіру;
- Шығармашылық қабілеттерін (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) дамыту;
- Музыкалық-ритмдік қимылдар арқылы есту, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін арттыру.

Күтілетін нәтиже:

Балалар өз ойларын еркін жеткізе алады, сөйлеу мәдениеті дамиды;
Санай біледі, қарапайым математикалық амалдармен танысады;
Әріптерді ажыратады, буындап, қарапайым сөздерді оқуға дағдыланады;
Қол қимылдары дамып, дұрыс жазу дағдысына дайындық қалыптасады;
Танымдық белсенділігі артады, тапсырмаларды жүйелі орындайды;
Шығармашылық қабілеттері жетіліп, өнерге қызығушылығы арта

БАҒДАРЛАМА ТАҚЫРЫПТАРЫ
Мектепалды тобына арналған
(Барлығы 72 сағат, аптасына 2 рет)

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1	5 саны	1
2	Көбірек – азырақ	1
3	6 саны	1
4	Пішіндер (дөңгелек, шаршы)	1
5	7 саны	1
6	Ұзын – қысқа	1
7	8 саны	1
8	Кеңістік ұғымдары (жоғары – төмен, алда – артта)	1
9	9 саны	1
10	Көлемі бойынша салыстыру (үлкен – кіші)	1
11	10 саны. Құрамы	1
12	Уақыт ұғымы (таңертең – күндіз – кеш)	1
13	Заттарды түстері бойынша топтау	1
14	Сандарды салыстыру (5 пен 7)	1
15	Геометриялық пішіндер (үшбұрыш, тік төртбұрыш)	1
16	Санау кері бағытта (10-нан 1-ге дейін)	1
17	Заттардың орнын анықтау (үстінде, астында)	1
18	Сандарды салыстыру (8 бен 9)	1
19	Заттарды өлшемі бойынша топтау (үлкен-кіші, ұзын-қысқа)	1
20	Сандарды толықтыру (жетіспейтін санды табу)	1
21	Апта күндері	1
22	Сандарды салыстыру (10 көлемінде)	1
23	Заттарды санау және топтау (10 көлемінде)	1
24	Жыл мезгілдері	1
25	Заттарды пішініне қарай топтау	1
26	Сандардың құрамы (10 көлемінде)	1
27	Күн мен түн	1
28	Сандарды есте сақтау	1
29	Заттарды ұзындығы бойынша реттеу	1
30	Жұп және тақ сандар	1
31	Кеңістік бағыты (оң – сол)	1
32	Сандарды салыстыру (тең, артық, кем)	1
33	Заттарды топтау (жануарлар, өсімдіктер)	1
34	Сандарды қосу (10 көлемінде)	1
35	Сандарды азайту (10 көлемінде)	1
36	Қайталау. Қорытынды сабақ	1
	Барлығы	36

Тіл дамыту
Тақырыптық жұмыс жоспары

№	Сабактың тақырыбы	Сағат саны
1	Мен кімін?	1
2	Менің отбасым	1
3	Балабақша – менің екінші үйім	1
4	Жыл мезгілдері	1
5	Күзгі табиғат	1
6	Жемістер мен көкөністер	1
7	Достарым	1
8	Жануарлар әлемі	1
9	Көлік түрлері	1
10	Қыс мезгілі	1
11	Жаңа жыл мерекесі	1
12	Менің үйім	1
13	Асханадағы ыдыстар	1
14	Дәмді тағамдар	1
15	Киімдер	1
16	Ойыншықтарым	1
17	Спорт түрлері	1
18	Менің Қазақстаным	1
19	Көктем келді	1
20	Наурыз мейрамы	1
21	Құстар әлемі	1
22	Жәндіктер	1
23	Табиғаттағы су	1
24	Гүлдер	1
25	Ағаштар	1
26	Көктемгі еңбек	1
27	Менің қалам	1
28	Жаз мезгілі	1
29	Демалыс	1
30	Саябақ	1
31	Табиғатты қорғау	1
32	Жазғы ойындар	1
33	Жануарлар баласы	1
34	Құстар ұясы	1
35	Жазғы еңбек	1
36	Менің болашағым	1
	Барлығы	36

БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ

«Элит бала» ерте дамыту бағдарламасы балалардың жас ерекшеліктеріне сай білім, білік және дағдыларын қалыптастыруға, танымдық қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ оларды мектепке дайындауға бағытталған.

1. Зияткерлік даму: Олимпиадаларға, байқауларға дайындау, логикалық ойлау мен креативтілікті дамыту;

2. Көшбасшылық пен әлеуметтік дағдылар: Коммуникация, шешендік өнер, командамен жұмыс. Қоғамдық жобаларға қатысу, Эмоционалды интеллектіні дамыту.

3. Шығармашылық даму: Өнер, музыка, театр, әдеби шығармашылық; Жобалау және дизайн салалары.

4. Ұлттық тәрбие және мәдениет: Қазақ халқының тарихы, салт-дәстүрлері және ұлттық құндылықтар; Тіл дамыту.

ПАЙДАЛЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Астана: ҚР БҒМ, 2020.
2. «Элит бала» ерте дамыту бағдарламасы. – Алматы: 2022.
3. Қ. Әбдіғалиева Мектепке дейінгі балалардың математикалық түсініктерін қалыптастыру. – Алматы: Рауан, 2019.

Қосымша әдебиеттер:

1. Ф.Жұмабекова Балапанға арналған математика: мектепке дейінгі әдістемелік құрал. – Алматы: Арман-ПВ, 2018.
2. С.Қожахметова Мектепке дейінгі балаларға арналған дидактикалық ойындар. – Алматы: Балауса, 2021.
3. Г. Аймауытова Мектепалды даярлық: математикадан сабақ жоспарлары. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020.
4. Ә.Кенжетәева Мектепке дейінгі ұйымдарда математикалық түсініктерді қалыптастыру әдістемесі. – Шымкент: Әлем, 2020.
5. Р.Сейсенова Мектепке дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамыту әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2019.
6. Ф.Жұмабекова Тіл дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар. – Алматы: Арман-ПВ, 2018.
7. Г.Мұқанова Балалар әдебиеті және тіл дамыту. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020.
8. Л.С.Выготский Баланың сөйлеу тілі мен ойлауы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.
9. А.Әмірова Мектепалды даярлықтағы тіл дамыту әдістемесі. – Шымкент: Әлем, 2020.